



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№125
(20199)



17 ТАМЫЗ, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

● ПРЕЗИДЕНТ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АУҚЫМДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛАДЫ



Кеше Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Мун Чжэ Иннің шақыруымен Корея Республикасының астанасы Сеул қаласына мемлекеттік сапармен келді деп хабарлайды ҚазАқпарат Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Берік Уәлиге сілтеме жасап.

Қасым-Жомарт Тоқаев пандемия басталғалы бері Оңтүстік Кореяға сапармен келген әлемдік деңгейдегі бірінші көшбасшы. Мемлекеттік сапар бағдарламасы аса ауқымды.

17 тамыз күні Президент Мун Чжэ Инмен келіссөз өткізу жоспарланған. Онда тараптар Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың кең ауқымды мәселелерін қарастырады. Келіссөз қорытындысы бойынша бірқатар екіжақты құжатқа қол қойылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Мун Чжэ Инмен бірге Корея бизнесінің жетекшілерімен кездесу өткізеді. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Кореяның ұлттық батыры, өмірінің соңғы жылдарында Қазақстанда тұрған генерал Хон Бом Доны еске алуға арналған іс-шараға қатысып, Отан үшін құрбан болғандардың Мемуритіне гүл шоғын қояды. Бұдан кейін Кореяның ірі компанияларының қатысуымен бірқатар екіжақты кездесу өткізеді. Сондай-ақ БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мунмен жүздесу жоспарланған.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ауғанстанда қалыптасқан жағдайға байланысты кешелі бері екінші рет жиын өткізді. Бұл туралы өзінің Facebook-тегі парақшасында ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли жазды деп хабарлайды ҚазАқпарат.

АУҒАНСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БАҚЫЛАУДА БОЛУЫ ТИІС

Жиынға Премьер-Министр Аскар Мамин, күштік құрылымдардың, атап айтқанда, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Сыртқы істер, Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері, Бас прокуратура, Мемлекеттік күзет қызметі басшылары мен Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы қатысты. Ауғанстан Ислам Республикасындағы жағдайға байланысты Қазақстанның ұлттық мүддесін ескере отырып, шұғыл әрекет ету шаралары және біздің елдің азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды. Президент құзырлы мекемелерге Ауғанстандағы жағдайды жан-жақты бақылауда ұстауды тапсырды. Бұл осы елмен бұдан былайғы ынтымақтастық бойынша шешім қабылдау үшін аса маңызды.

Республика бойынша мемлекеттік білім беру гранттарының қорытындысы жарияланды. Бұл ретте Сыр елі талапкерлері де үміт үдесінен шығып, мемлекет есебінен ұсынғылатын тегін білім алу мүмкіндігін иеленді. Дәлірек айтқанда, биыл өңірде 5 184 оқушы мемлекеттік грантқа өтініш берген болса, олардың 3 849-ы грант иегері атанды. Аята кетейік, өткен оқу жылымен салыстырғанда грант иеленгендер саны 791 түлекке көбейіп отыр. Жалпы биыл республикада 75 мыңнан астам талапкер құжат тапсырған.

Sp Газиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»

3849 ТАЛАПКЕР – ГРАНТ ИЕГЕРІ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен биыл гранттардың жалпы саны 5 мыңға артқан. Оның ішінде «Білім беру», «Денсаулық сақтау», ақпараттық коммуникациялық технологиялар, ауыл шаруашылығы және техникалық мамандықтар қамтылған. Бұл орайда облыс бойынша грант иеленген 3 849 оқушының басым бөлігі педагогикалық және техникалық мамандықтарды тандағаны байқалып отыр. Нақты айтқанда, 1303 талапкер педагогикалық, 361 түлек медициналық бағытта тандаса, 1173 үміткер техникалық мамандықтарға талпынған. Ал, 217 түлек ауыл шаруашылығы бағытына қарай шешім қабылдапты. Сонымен бірге, 795 түлек өзге де мамандық иесі болуды көздейді.

Тағы бір дерек, 2020-2021 оқу жылының қорытындысы бойынша «Алтын белгі» иегерлерінің 190-ы, яғни 35% педагогикалық бағыттағы мамандықтар бойынша оқуға қабылданған. Бұл нені білдіреді? Ойлап қарасақ, «Педагог мәртебесі» арнайы заңы қабылданып, салаға әлеуметтік қолдаудың көлемі жыл сайын артып отырғанын, сондай-ақ студенттер үшін берілетін шәкіртқынығы да көлемі жоғары болғаны аталған салаға деген сенімді арттыра түскен сияқты.

Колледждерге келсек, бүгінгі таңда білім саласында жүзеге асырылып отырған «Жас маман» жобасы сұранысқа ие 100 мамандық бойынша білікті мамандарды даярлауда халықаралық тәжірибені енгізуге бағытталған. Жобаға облыс бойынша 2020 жылы 4 колледж, 2021 жылы 5 колледж, жалпы 9 колледж енгізілді. Өткен жылы колледжді 5988 түлек бітірген болса, 5130 жас маман жұмысқа орналасқан.

Өздеріңізге белгілі, қалыптасып отырған эпидемиология байланысты өткен жылы жалпы еліміз бойынша оқу процесі онлайн форматта жүргізілді. Осы орайда ата-аналар тарапынан балалардың білім деңгейі төмендеп кетеді деген алданушылық болған еді. Бұл – орынды пікір. Дегенмен, дер кезінде білім беру ұйымдары үшін барлық мүмкіндіктер жасалғандықтан, орташа білім сапасы өз деңгейінде екенін биылғы грант иегерлері арқылы айқындауға болады.

● ЫМЫРА



Корей генералының сүйегі отанына қайтарылды

Газетіміздің өткен санында жапон басқыншыларына қарсы корей партизандық қозғалысының батыры болған генерал Хон Бом До туралы жариялаған едік. Өткен демалыс күндері Сыр еліне жұмыс сапарымен батырдың сүйегін туған жеріне алып кету және екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту бағытында бірлескен жобаларды талқылау мақсатында Корея Республикасынан ресми делегация келді.

Кореяның патриоттар және ардагерлер жөніндегі министрі Хван Ги Чхоль бастаған делегацияны облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет, Қызылорда қаласы әкімінің міндетін атқарушысы Бектас Нуридинов және облыстық корей этномәдени бірлестігінің жетекшісі Елена Ким күтіп алды.

Шетелдік делегация құрамында Корея Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ку Хонг Сок, «Генерал Хон Бом До мемориалы» қорының Төрағасы У Вон Шик, актёр Чо

Вон Джун және басқа да сала қызметкерлері бар. Салтанатты іс-шарадан кейін шетелдік қонақтар мен облыс басшылығы «Хон Бом До» мемориалдық кешеніне жол жүрді. Онда генерал Хон Бом Доның сүйегін Корея тарапына табыстау рәсімі өтті. Ресми шарада екі мемлекеттің Гимні орындалып, Хон Бом До рухына арналған екі елдің гүл шоқтары қойылды. Мұнан соң Хон Бом До атындағы қордың төрағасы У Вон Шик генералдың өнегелі өмір жолы туралы айтты.

– Хон Бом До 1868 жылы келдей шаруа отбасында дүниеге келген. Корей патриоты, жапон басқыншыларына қарсы қарулы күресті бастаушылардың бірі. 1907 жылы Капсана ауданында аңшылардан партизандар отрядын құрды. 1918-1922 жылдары өткен Кеңес Қиыр Шығыстағы Азамат соғысына қатысты. 1919 жылдан бастап Маньчжурияда жапон колонизаторларына қарсы әрекет еткен «Тауелсіздік армиясының» көрнекті ұйымдастырушысы болды. Азаматтық соғыс аяқталғаннан кейін Хон Бом До Кеңес Одағы аумағында өмір сүріп, 1937 жылы Қызылорда қаласына күштеп жер аударылды. Өмірінің соңғы жылдары Хон Бом До Қызылордадағы корей театрында күзетші болып жұмыс істеді. 1943 жылы 25 қазанда Қызылорда қаласында 75 жасында қайтыс болды, – деді ол.

2-бет

● 18 ТАМЫЗ – ШЕКАРАШЫЛАР КҮНІ

Атамекеннің әр пұшпағы қымбат

Тартылған теңізді өлкеден бастап Қызылды бойлай Жанакорған жеріне жетіп жатқан шекара шебі Қызылорда облысына тиесілі. Ұзындығы – 745 шақырымнан астам. Құмды әрі шөлейтті өлке. Мұндай жерді кірпік қақпай күзету тек біздің қайсар шекарашыларға ғана тән.

Sp Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Кенестік кезеңде Шекарашылар күні 29 мамыр болатын. 2012 жылдан бастап 18 тамызға ауысты. Отанына адал, ержүрек ерлердің еңбегімен таңысу үшін ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қарасты облыстық шекара қызметі департаментінде болды. Шекара күзеті қызметінің бастығы, полковник Ермек Досаевпен пікірлесу бұл күннің болмысын аша түскендей әсер қалдырды.

– Отанды қорғап, күні-түні көз ілмейтін шекарашы мекна-

тып кез келген адам түсінбейді, – дейді ол. – Жүректілікпен қатар, шыдамдылықты қажет ететін бұл қызметке жігіттің жігіті төтеп береді. Иә, соларға ғана орын бар. Мұнда «істей алмаймын» деген сөз жоқ. Бұйрық орындалады, талқыланбайды. Алыстағы ата-ана мен дос-бауырды сағынуға да уақыт жоқ. Қару-жарақты пайдаланудан бөлек, небір ұрыс тәсілдерін игеру, техникалық құралдар мен көлікті жүргізу – шекарашының бір басынан табылуы тиіс. Бесас-

пап болу керек. Тіпті, ас пісіре алу өнері де оларға өте қажет.

Уақытқа сәл шегініс жасасақ, өзіміз барған жиырма жылдан асқан әскери мекеменің ел үшін маңызы зор. Комитет төрағасының 1999 жылғы 15 қыркүйектегі бұйрығына сәйкес ҚР оңтүстік бағыттағы мемлекеттік шекараны нығайту мақсатында және ҚР ҰҚК шекара қызметінің даму бағдарламасына сай тұрақты жұмыс істеп келеді. Аймақтағы департамент сол жылдан бастап Өзбекстанмен арадағы шекараны нығайту, елдің саяси және экономикалық мүдделерін қорғау, заңсыз көшіп-қонудың алдын алу, қазақ еліне қару-жарақ, оқ-дәрі, есірткі мен радиоактивті заттарды заңсыз кіргізуге міндеттерін мінсіз атқарып келеді.

2-бет



● ЕКТЕ АЛ! 250 мыңнан аса адам вакцина алды

16 тамыздағы мәлімет бойынша әлі де «қызыл» аймақтамыз. Үрей тұғызатыны бұл емес. Қазір көпшілік шараларды өткізуге рұқсат жоқ. Дегенмен, той тыйылмай тұр. Облыс көлемінде «Ashuq» жобасына қосылған 2808 нысанда 362 карантин талабын бұзу дерегі тіркелген. Оның ішінде «қызыл» статусы бар 163 адам анықталса, «сары» статусында 199 адам белгілі болды.

Sp Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

– Өзін-өзі оқшаулау режимін бұзған «қызыл» мәртебедегі тұлғаларға ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 425-бабына сәйкес, әкімшілік айыппұл салынды. Ал, «сары» мәртебедегі карантин режимін бұзушыларға жеке қаулы шығарылды. Олар қоғамдық тамақтану

орындарына, әуежай мен теміржол вокзалына, халыққа қызмет көрсету орындарына кіру кезінде анықталған, – дейді облыстық санитарлық эпидемиологиялық бақылау департаментінің мамандары.

Бұл – селсоқтықтың дәлелі. Өйтпесе ахуалдың қалыпты

емес екені көзге ұрып тұр. Дәрігерлердің де дабыл қағуының кемеі жоқ және олар екеннің келісімен күресте қауқарлы екенін айтып отыр. Қазір облыста вакцинаның бірінші компонентін алғандар саны 251 мыңнан асқан, екінші компонентті 196 мыңнан аса адам қабылдаған.

Олардың қатарында педагогтар, медицина саласының мамандары, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер, студенттер басым. Ал, оның ұжымдық иммунитет қалыптастыруда және тезірек қалыпты өмірге оралуымызда маңызы айтарлықтай.

Корей генералының сүйегі отанына қайтарылды

Іс-шарада облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ұлт-азаттық көтеріліс батыры, генерал Хон Бом Доның сүйегін туған жеріне қайтару екі ел арасындағы татулықты одан әрі нығайта түсетінін айтты.

— Биыл ел Тәуелсіздігінің мерейлі 30 жылдығында Сыр елінде көптеген игі шаралар атқарылуда. Мемлекетаралық деңгейдегі шаралар да көрініс табуда. Осы ретте, біздің республикамыздың тәуелсіздігін алғашқы болып мойындаған елдердің бірі — Корей мемлекетімен достық байланыс нық орнығып, ұлттық мүдде тоғысқан ізгі істер қолға алынғаны белгілі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Корея Президенті Мун Чже Иннің Қызылордада жерленген генерал Хон Бом Доның сүйегін тарихи отанына қайтару туралы сауалнама қатысты оң шешім қабылдады. Ел басына күн туғанда қазақ халқы корейлерді құшақ жая қарсы алып, бауырына тартып, қол ұшын берді. Соның арқасында Қазақстанға жер аударылған корейлер аман қалып, бүгінгі күні тәуелсіз елімізді дамытуға зор үлес қосуда. Қазақ халқында «достықта шекара жоқ» деген жақсы сөз бар. Қазақстан және Корей мемлекеттерінің арасындағы ынтымақ пен достық қарым-қатынастың мықтылығы да осындай ұлы тұлғаларымен байланысты болмақ, — деді аймақ басшысы.



кейін Хон Бом До кабіріндегі сүйек қалдықтарын Қазақстандық құрмет қаруының қатысуымен ресми шығарып салу рәсімін өткізді.

Мұнан кейін облыстық мекемелер үйінде облыс басшылығы Корея Республикасы делегациясы өкілдерімен кездесті. Кездесуде қос тарап өзара байланысты дамытуға бағытталған маңызды мәселелерді талқыға салды. Облыс әкімі Корея делегациясының сапары екі ел арасындағы достық қарым-қатынастардың айқын көрсеткіші екенін айтып, табысты және жемісті жобалар жүзеге асырылатынына сенім білдірді.

— Бүгінгі кездесу Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының 2021 жылғы 17 тамыздағы Корея Республикасына мемлекеттік сапарымен тікелей байланысты. Президенттің мемлекеттік сапары аясында генерал Хон Бом Доның сүйегін табыстау рәсімі өтетін болады. Бұл сапар екі ел арасындағы экономикалық, мәдени-гуманитарлық, туристік байланыстарды одан әрі нығайтуға оң ықпал жасайды деп сенеміз. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу қарсаңында тарихи сипатқа ие болады, — деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

Қазақстан мен Корея Республикасы 1992 жылдан бастап дипломатиялық қарым-қатынаста. Жүргізілген талдау нәтижелері Корей елінен негізінен автокөліктер, медициналық құрал-жабдықтар, косметикалық тауарлар импортталатынын байқайты. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік сапары аясында ынтымақтастық бағытында бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Оның ішінде Қызылорда облысының әкімдігі тарапынан Сыр елінің бренді саналатын күріш дақылын суды үнемдеп өсіру үшін озық технологиялар, тамшылатып суару технологияларын қолдану, білім, денсаулық сақтау салаларындағы өзара і-қимылды кеңейту, туризм саласын дамыту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытында ұсыныстар айтылды.

Аймақ басшысы Қызылорда облысының әкімдігі инвесторларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуге дайын екенін жеткізіп, алдағы уақытта екі жақты тиімді байланыс орнатуға мүдделі екенін тілге тиек етті.

Корея Республикасының патриоттар және ардагерлер жөніндегі министрі Хван Ги Чхоль екіжақты ынтымақтастықты орнатуда Корея мемлекеті тарапынан қолдау көрсетілетінін айтып, кездесу үшін алғыс білдірді.

«СБ» ақпарат

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жер учаскелері кезең-кезеңімен цифрландыруға көшеді

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жер қатынастары саласында атқарылған жұмыстарды саралау үшін облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Медет Усанниң есебін тыңдады.

Басқарма басшысы өз кезегінде жер учаскелерін цифрландыру, кәсіпкерлік мақсатта жерлерді айналымға алу, жайылымдық жерлерді көбейту бағытында орындалған жұмыстарды тілге тиек етті.

Қазір Қызылорда облысының Өңірлік геоақпараттық жүйесін құру бағытында Қызылорда қаласы мен оған іргелес кент, ауылдық округтерінің жер учаскелерін жердің цифрлық картасымен сәйкестендіру аясында түгелдей жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда аймақтың бірінші картографиясы әзірленді. Яғни, <https://orda.geoport.kz> мекенжайы бойынша тұрғындар қолжетімді ақпаратты ала алады. Сондай-ақ, осы жылы облыс бойынша 60 мың гектар жерді қосымша ауыл шаруашылығы айналымға алу жоспарланды. Бүгінгі күні жалпы көлемі 17,5 мың гектар болатын 54 жер учаскесі айналымға алынды, жыл соңына дейін қалған 42,5 мың гектар жерді табыстау арқылы жоспар

орындайды деп күтілуде.

Мұнан бөлек, облыс бойынша тұрғындардың мал жаюына қажетті жайылымдар мәселесін шешу мақсатында арнайы жұмыс топтары құрылып, жайылымдық алқаптарға толық

талдау жұмыстары жүргізілді. Жайылымдық жермен қамту мәселесін шешу мақсатында орман қоры жерлеріндегі елді мекен жайылымына қажетті көлемдерді орман қоры жерлері санатынан шығару жөнінде және қала, кенттерде ұсталатын мал басын шектеу жөнінде нормативтік-құқықтық актілер қабылдау туралы ұсыныс берілді.

Медет Усанниң кәсіпкерлік мақсатта жерлерді айналымға алу

бағытындағы негізгі жұмыстар барысына да тоқталды. Бұл ретте жыл басынан бері Қызылорда облысы бойынша 20 аукцион өткізіліп, көлемі 78,2 гектар 215 жер учаскесі сауда-саттықпен табысталған. Сонымен бірге биыл жер учаскесі алуда кезекте тұрған азаматтарға 1249 жер учаскесін табыстау жоспарланған, бүгінде оның 663-і табысталса, ал ІІ жарты жылдықта 586 жер учаскесі берілді. Сондай-ақ, жаңадан «Бәйтерек-2» тұрғын ауданынан 1200 учаскені табыстау көзделген. Аталған жер телімдері ҚР Жер заңнамасына сәйкес инженерлік инфрақұрылыммен толық қамтамасыз етілгеннен кейін кезектілікке сәйкес үлесірілетін болады.

Жерлерді зерттеу-іздірету бағытында да кешенді жұмыс бар. Облыста 2018-2020 жылдары 2,3 млн гектар жерге топырақ зерттеу, балл бонитетін анықтау және 1,0 млн гектар жерге геоботаникалық зерттеулер жүргізілді. Негізгі басымдықтарды зерделеген облыс әкімі басқарма басшысына тиісті жұмыстарды әрі қарай уақытылы және сапалы жүргізуді тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



● БРИФИНГ

ШИЕЛІ: Құрылыс қарқынды

Шиелі ауданында ілкімді істер көп. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп саласында өсім бар. Аудандағы көрсеткіштер мен атқарылып жатқан жұмыстар жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте аудан әкімі Нарман Мақұлбеков айтып берді.

Сара АДЫБАЕВА, «Сыр бойы»

Ауданның өнеркәсіп орындары 29 млрд 023 млн теңгенің өнімін өндіріп, өткен жылмен салыстырғанда көрсеткіш артқан. Орта және шағын кәсіпкерлікпен айналысушылар көбейген. Бүгінде жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің үлесі 93 процентке жеткен. Мемлекеттік бағдарламалардың қолдауымен 357 жоба қаржыландырылып, 456 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

Аудандағы белгілі «Гезу-ба» — Шиелі цемент» зауытының өніміне сұраныс жоғары. Оның 90 процент жұмысшысы — жергілікті тұрғындар. Биыл 30189 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде күріш 12 мың гектар, шөп қоры да мол. Қысқа дайындықты пысықтаған шаруалар 92200 тонна шөп жинады. Сонымен қатар аудан шаруалары қуаңшылықтан қысылған

аралдықтарға 89 тонна шөпті тегін жіберді. Бұл шара алдағы уақытта да жалғаспайды.

Н.Мақұлбеков ауданда мәселе де жоқ емес екенін айтты. Өндіріс орындарын аралау, кәсіпкерлердің жағдайын көруде өзекті мәселелер алдан шығып отыр. Мәселен, күнделікті тұтынатын азық-түлік, оның ішінде нан бағасының қымбаттауына байланысты аудан басшысы жергілікті наубайханашылармен кездесіп, бірлескен шаралар қабылдады.

Құрылыс саласына келер болсақ, биыл алты айда пайдалануға берілген жеке тұрғын үй құрылысының жалпы көлемі 31 мың шаршы метрді құраған. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында кенттегі «Шұғыла-2», «Шұғыла-3» және «Шығыс-4» шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамы-



ту және тас жолдарының құрылыс жұмыстары жүргізілген. Кенттегі «Береке» шағын ауданындағы 3 бөлмелі бір пәтерлі 25 тұрғын үйді салу жұмыстарына қаржы бөлініп, жақында ел игілігіне берілді. Ал, кенттегі 18 пәтерлік 4 тұрғын үй құрылысына республикалық және облыстық бюджеттен ақша бөлінісе, тұрмысы төмен отбасыларына 20 үй берілмек. Жалпы, жыл аяғына дейін 117 отбасы қоныс тойын тойлайды.

Шиелі ауданының 60 процент халқы табиғи газбен қамтылған. «Ауыл — ел бесігі» жобасы аясында Шеген Қодаманов ауылына газ

құбырын тарту желілерін салу жұмыстарына республикалық бюджеттен қаржы қаралып, құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Ал, Епбекші, Жиделіарық, Досбол Датқа, Ә.Тәжібаев, Бестам, Алмалы елді мекендеріне табиғи газ тарту үшін жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптама қорытындысын алу жұмыстары жүргізілуде. Аудан маңында жалпы ұзындығы 323 шақырымды құрайтын аутомобиль жолдары бар. Оның 145 шақырымы аудандық маңызы бар жолдар. Биыл «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында ұзындығы 20 шақырым жол жөнделеді. Сонымен қатар елді мекендердегі 11 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Аудан әкімі брифинг барысында білім, мәдениет, спорт салаларындағы атқарылып жатқан жұмыстарға да кеңінен тоқталды. Журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Аудандағы эпидемиологиялық күрделеніп тұрғанын жеткізді. Индетті жеңудің жалғыз жолы — вакцинация екенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстар да жүйелі ұйымдастырылып жатқанын саралап өтті.

Атамекеннің әр пұшпағы қымбат

Ермек Тұрғанбайұлының айтуынша, құрылған жылдан бастап өзіміздің шекарашылар елге заңсыз өткізген болған талай келімсектерді ұстап, контрабандалық тауар тасушылардың жолын кескен. Ел қазынасының ортаймауына орасан үлес қосқан. Әсіресе, ел ішінте күзетуде жергілікті тұрғындардың көмегі көп көрінеді. Сол аймақта тұратын халық шекара бұзушыларды ұстауда ерекше қырағылқ танытып, әскерлерге ұдайы хабар беріп отырады екен.

— Бір ғана мысал, бийылдың өзінде бірнеше заң бұзушылыққа тосқауыл қойылды. Мысалы, осы жылдың 5-ші наурыз күні біздің қызметкерлер мен аймақтағы «Охотозор» РМҚК инспекторлары бірлесіп, Шиелі ауданына қарасты «Қарағалы» дейтін жерден заңсыз аң аулаушыны қолға түсірді. Еш жерде тіркелмеген 16 калибрлі екі қосауызды мылтық тәркіленіп, аң аулауға рұқсат қағазы жоқ азаматты жазаға тарттық. Мұндай оқиға Жалағаш ауданында да тіркелді. Онда да заңсыз аң аулаушылардың жолы кесіліп, шекарашылардың көмегімен «УАЗ» автокөлігі тоқтатылған еді. Жүргізушіден бөлек, екі азамат болғаны анықталып, көлік ішінен 13 бас түрлі жабайы аңның денелері, аңшылық прожекторлар, есепке

тіркелмеген 16 калибрлі мылтық табылып, барлығы тәркіленді. Есірткі еккен тұрғындарды да қолға түсіруде біздің жігіттердің үлесі көп. Міне, шекара күзеткендердің өз міндеттерінен бөлек, басқа да ауқымды істерге көмектесіп жүргенін осыдан-ақ байқайсыз. Сондай-ақ Наурыз мерекесі қарсаңында өзімізге қарасты бөлімшенің бірінен «ГАЗ-66» автокөлігімен шекараны бұзып өтпек болған төрт азамат құрықталды. Олардың екеуі қазақстандық болса, екеуі Өзбекстан мемлекетінің адамы. Біздің қандастарымыз олардан ақшалай сыйақы алып, арғы мемлекетке өткізбекші болғаны тергеу кезінде анықталды. Онымен қоса машинадан контрабандалық жолмен пайда табу мақсатында жасырылған түрлі қосалқы бөлшектер, халық тұтынатын тауарлар табылды. Бұған басты себеп — әлемде орын алып отырған пандемия екені белгілі. Былтыр наурыздан бері көрініс мемлекеттерге кіріп-шығу бойынша шектеулер бар. Соған қатысты кейір азаматтар осындай заңсыздыққа барады, — деді Ермек Досаев.

Бір түсінігінміз, аймақтағы шекара белдеуінің табиғаты өте қатал. Жазда ыстық, құмды жел, ал қыста қара суық. Сондықтан болар, мұнда шекарашы болам дейтін жігіттерге талап өте жоғары.

Жоғары не орта білімді болуы қатар, денсаулығы мықты болуына қатты мән беріледі. Әскерде борышын өтеген болуы тағы міндетті. Сондай-ақ техникалық (жүргізушілік) пен қосымша мамандық иесі болып жатса тіптен жақсы.

— Қазір бұрынғыдай шекара қызметінде сарбаздар жұрмейді. Мұнда тек келісім-шарт негізінде әскери борышын өтеп келген, 27 жасқа дейін азаматтар ғана қабылданады. 3 жыл, одан соң 5 жылға дейін қызмет істеуге мүмкіндік бар мұнда. Айлық жалақылары, одан бөлек экологиялық үстемалысы қосымша төленеді. Жақсы қызмет көрсеткен жауынгерлерден бөлек, мерекеле берілетін сыйақы да қарастырылған. Азық-түлік, маусымдық киімнің барлық түрі беріледі. Департаментке қарасты шекара аймағы құмды жер дедік қой. Оған төзімді «Урал» жол талғамайтын жүк көліктері, қосымша «УАЗ» жеңіл көліктері әр шекара бөлімшелерінде сақалдай-сай тұр. Сүйіншілейтін бір жаңалық, былтыр қазан айында үш бірдей шекара бөлімшесі аман талдабына сай, модульдік ғимарат болып салынды. 40 адамға есептелген нысан ішінде жатын және жуынатын орын, қару сақтайтын қойма, т.б. керектілермен жабдықталған. Тағы бір бөлімшеге сегіз блоктан тұратын, үш пәтерлі тұрғын үй



салынды. Онда тұрмысқа қажетті жиһаздар мен техникалардың бәрі бар. Осылайша департаментке қарасты төрт бөлімше жаңа типтегі ғимаратқа ауысты. Бұл істелген жұмыстар ел ішінде жүрген шекарашылардың тұрмыстық қажеттілігін толық өтейді. Ал биыл қосымша үш бөлімше осылай жаңадан салынатын болады, — деді тағы бір сөзінде шекара күзеті қызметінің бастығы.

Шекарашылар қуанатын тағы бір жағдай бар. Олар енді айлап-жылдап шекара шебінде жүрмейді. Жыл басынан бері вахталық әдіспен қызметке кіріскен. Былтыр екі бөлімшеде тәжірибе ретінде қолданыста болған екен. Нәтижесі оңды болған соң, барлық шекарашылар вахталық қызметке көшкен. 20 күн шекарада болса, 10 күнді отбасына арнайды. — Бұл біздің жеке құрамның

қызметке деген көзқарасын түбегейлі өзгерткен сияқты. Олардың да тұрмыста, өз үйлерінде атқару шаруалары болуы мүмкін ғой. Бұл жағынан, яғни демалысқа сұрану деген мәселе азайды. Керісінше, вахталық әдіске көшкені шалғайдағы шекарада қызмет істеуге құлшығандар көбейді. Шыны керек, біздің жігіттер бұған қатты қуанды. Вахталық жұмыс тәсілі енгеннен бері олар да осы өзгерістің арқасында отбасына көбірек қоңіл болуға уақыт тапты. Балаларының тәрбиесіне үлес қосып, өз кезегінде отбасы мүшелерімен көбірек болатыны шекарашыларды қуантқанын айтуымыз керек, — деді полковник Е.Досаев.

Шекара қызметіндегі тағы бір соны жаңалықты айтып берейік. Ол «Ақылды шекара бөлімшесі» деп аталатын жоба. Жоғарыда айтып кеткен, жанартылған бөлімшелердің бірі — «Кәрібайбұлақ» бөлімшесі «Smart Post» ақпараттық-бағдарламалық кешеніне қосылған. Былтыр қыркүйекте қосылған жоба аясында оның айналасындағы бейнекамералар күндіз-түні онлайн режимде департамент пен шекара қызметінің орталық аппаратымен ұдайы байланыста тұрады. Бұдан бөлек, бөлімшедегі кезекші монитор арқылы бақылауда ұстайды. Мысалы, ғимараттан 50 метр

қашықтықта қозғалыс пайда болса, арнайы датчиктер іске қосылып, бөтен объектілерді камералар автоматты түрде скриншоттап, басқармаларға тез арада дабыл береді. Камералар түзлігіне орташа есеппен басқармаға 250-ден астам жеке құрамның, көліктердің, тіпті жабайы жануарлардың қозғалыстарын анықтап, олардың бұған қатты қуанды. Вахталық жұмыс тәсілі енгеннен бері олар да осы өзгерістің арқасында отбасына көбірек қоңіл болуға уақыт тапты. Балаларының тәрбиесіне үлес қосып, өз кезегінде отбасы мүшелерімен көбірек болатыны шекарашыларды қуантқанын айтуымыз керек, — деді полковник Е.Досаев.

Мемлекеттік шекараны табандылықпен күзететін жігіттердің тынымсыз еңбегі — Тәуелсіз Отанымыздың қауіпсіздігі. Жалпы УҚК қарасты шекара қызметі жалпы ұзындығы 15132 шақырым шекараны күзетсе, оның 2355 шақырымы Өзбекстанмен, 426 шақырымы Түркіменстанмен шектеседі, ал Ресеймен байланысты 7548 шақырым елдегі құрылқыпен өтетін ең ұзын шекаралық сызық ретінде Гиннесің рекордтар кітабына енген. Теніздегі шекара — 1779 шақырым, қарт Каспийдің үстімен өтеді. Келесілік одақпен біздің елден өтетін сыртқы шекараның ұзындығы — 7805 шақырым.

Суретті түсірген Н.НУРЖАБЫН

СЫР-СҰХБАТ

Бүгінгі әңгіме өзегі ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығының жай-күйі туралы болмақ. «Сыр-сұхбат» қонағы Нұрлыбек Жолдасбаев.

УАҚ МАЛДЫҢ УАҚЫТЫ ӨТКЕНІ МЕ?

Тілімі: – Нұрлыбек Қалжатайұлы, әңгіме-сұхбатты мына сауалдан бастағым келеді. Сарапшыларыңыз дерегі бойынша Қазақстанның мал өнімдерін өндіру әлеуеті жеткілікті дамуға. Қазір Қазақстанда өндірілген ет сұраныстың 80 процентін ғана қамтамасыз етеді екен. Қазан өнім шет елден тасымалданады. Керісінше, экспорт әлеуеті мүлдем жоқтай қасы. Бұл орайда Қызылорда облысының жағдайы оншалықты маз емес екенін білеміз. Әрине, мал басы өсуде, бірақ ол күткендегідей деңгейде болмай отырғанын жасыра алмаймыз. Тақырыпты талдау үшін біз облыстық статистика департаментіне арнайы қатынас жолдадық. Қатынаста 1991 және 2020 жыл аралығында негізгі мал санын білу, оның қаншалықты деңгейде өскенін сараптау мақсаты көзделген еді.

1991 жылы Қызылорда облысында 221 мың ірі қара, 1,6 млн қой мен ешкі, 71 мың жылқы, 26 мың түйе болыпты. Бұл жоспарлы экономиканың өмір сүрген соңғы жылы болып саналады. Әрине, жоспарлы жүйе мен нарықты салыстыруға болмайды. Қазір еңбекті ынталандыруға көп көңіл бөлінеді. Мемлекет тарапынан миллиардтаған теңге субсидияның бөлінуі – осының айғағы.

Бүгінгі уақытқа келетін. Ірі қара саны 2020 жылы 342 мың басқа жетті. Керісінше, қой мен ешкі саны екі есе азайған. Демек, біз соңғы он жылды көлемінде түйкілі бұл түрліне оншалықты мән бермегеніміз айқындалады. Керісінше, отыз жыл ішінде жылқы саны екі еседен астам өсіп, 165 мың басқа жеткен. Сол сияқты түйе саны 20 еседі өсіп, 515 мың басты құраған. Цифраларды аз көп нәрседен хабар береді. Біздің мал шаруашылығындағы бүгінгі жағдайымыз осындай.

Н.Ж.: – Сөзіңіздің астарын жақсы түсініп отырмын. Қазір фермерлер, әсіресе, ірі қара мен жылқы және түйе өсіруге айрықша мән береді. Оның себебі түсінікті. Қымзыз бен шұбат, одан қалды, аталған түйкілікті еті халық арасында, тіпті кейбір жақын, алыс шет елдерде үлкен сұранысқа ие болып, фермерлерді табыс табуға ынталандырып отырғанын байқаймыз. Алайда, бұл – мәселенің күнгейі. Оның көлемділі жақтарын айналып өтуге болмайды. Мал өнімдері дегенде, әсіресе, Қазақстанның шет елден сүт және оның өнімдерін тасымалдау жақсылықтың нышаны дей алаймыз. Төрт түйкілі баптап өсірген казак үшін қазір бірқатар өнімдерді импорттауға тура келгеніміз өмірдің шындығына айналды.

Сарапшылардың айтуынша, Еуропада сүтті қабылдаушы мен оны өткізудің арасы 50 шақырым қашықтықты құрайды. Ал біздегі ара қашықтық одан он есе жоғары, яғни тасымал шығыны көп. Көп жағдайда ол рентабельді емес. Бұған қосымша айтарымыз, Сыр өңірінің табиғи жағдайы

қолайсыз. Ол әдетте мал азығындық дақылдардың өзіндік құнының шарықтап кетуіне әкеп соғады. Біз бұл орайда мемлекеттік субсидияның берілгенін қолайлы көреміз. Алайда, мемлекеттің қаржысы барлық салаға жете бермейді. Мәселені бар түйкілі осында.

Иә, мәселе күрделі. Сонымен бірге оны шешу жолдары да біршама түйкілі дерлік алға тартады. Бізінше, бұл орайда бірінші мемлекеттік қолдау сүйенбей, өзіндік де мәселеге деген онтайлы көзқарасмыздың қалыптасқанын дұрыс деп ойлаймыз. Қалай болғанда нарықтың аты нарық. Ол ардайым мемлекеттің қолдауына сүйене білуді қалай бермейді.

Жылқы, түйе саны тәуелсіздік жылдарында өсілеп өскенде қой мен ешкінің төмендеуі қалай? Меніңше, көп жағдайы қой түлігінің қазіргі таңда табыс көзіне айналмай отырғандығымен түсіндірген болар едім. Кезінде Сыр өңірінде қой түлігі қыруар пайда әкелді. Бірқатар шаруашылық басшылары мыңдаған қой өрбітті, Социалистік Еңбек Ері атанды. Бір ғана Сырдария ауданындағы «1 Май» кеңшарында 80 мың бас қой өсірілді. Асыл түлікке айрықша мән берілді. Сарысудың өңірі мыңыраған малға толды. Оның бер жағында қарақөл елтірісі өндіру жолға қойылып, мемлекеттің оған айрықша мән бергенін атап өтуіміз керек. Жылдар өтті. Токсаныншы жылдардың дүрбелені кезінде қой түлігі талап-таража салынды, тиын-тебенге сатылды. Міне, біздің басты оққылығымыз осында жатыр. Шындығында қазір қой түлігі табыссыз салаға айналды. Оны өсіру үшін көп жағдай керек. Тіпті малдың терісі өтпейтін керексіз дүние болып қалды. Оның үстіне қазір жайылымдық барынша тарылды.

Малды табыс көзіне айналдырып жүрген кәсіпкерлермен сөйлестім. Олар негізінен қой түлігін Қазақстанның оңтүстік облыстарынан сатып алып жатқанын айтты. Арасында Қарағанды облысынан әкелінген мал сатылады. Мал сату үлесінде Қызылорда облысының үлесі мардымсыз көрінеді. Осының өзі біраз ойларға жетелейтін сынайды.

Кәсіпкерлер қой түлігіне оншалықты мән бермейді. Өнімдері өтіссіз, пайда әкелмейді. Егер бұрын мал терісін өткізу осы түліктің біршама шығындығын өтеп келсе, қазір теріні өшік алмайды, фермерлер шикізаты амалсыздан далаға тастап жатыр. Бұл бір ғана Қызылорда өңіріндегі жағдай емес, бүкіл Қазақстандағы ахуал осындай. Сарапшылар өткен жылы Қазақстанда тірі малды экспорттауға тыйым салынған соң проблеманың біршама ушығып кеткенін айтты. Мысалы, еліміздің өзінде жыл сайын 2 млн-нан астам ірі қара сойылады. Сойылған қойдың санында есеп жоқ. Алайда олардың терісін бар болғаны, жұмсартып айтқанда, 30 проценті ғана өңделеді.

Енді мәселені ең түйінді жағына келейік. Қазақстандықтардың мал қорасында



тері тулақ болып жатса, Түркияда бір күнде 3 мыңға жуық тері өңделеді екен, Қырғызстандағы, Қытайдағы жағдай да жаман емес.

Бізге бұл саланы дамыту үшін мемлекеттің үлкен қамқорлығы қажет. Кешегі жоспарлы экономика, дәлірек айтқанда, ХХ ғасырдың 70-80 жылдары Қазақстанда қой басын 50 млн-ға жеткізу туралы бастама көтерілді. Оны онымен ілеологиялық басымдығы болғанын жоққа шығаруға болмайды. Жастар жаппай мал шаруашылығына бет бұрды. Комсомол-жастар бригадалары құрылды. Осында бір-екі жыл тәжірибеден өткен жастар жоғары оқу орындарына түсетуе жолдана алатын. Бұл шын мәнінде мемлекеттің басты ынталандыру шарасы еді.

Тілімі: – Мемлекет қамқорлығы дегеннен шығады. Қазақстанда 70-жылдары қой санын 50 млн-ға жеткізу туралы әңгіме болғанын есіңізге сала кеткім келеді...

Н.Ж.: – 50 млн қой басы өз мезгіліне жетпегенмен, Қазақстанда 1990 жылы оның саны 36 млн басқа жетті. Қаншама идеологиялық басымдығы болғанымен, мемлекет негізінен өзінің алдына қойған мақсатына жетті.

Тарихқа жүгінесек, орыс экспедициясының зерттеуі бойынша Орталық Қазақстанда ХІХ ғасырдың басында төрт түлкі санының қатарында қойдың үлесі өте басым болыпты. Ірі қара мен жылқы саны ХХ ғасырдың басында өсе бастаған. Тарихшылардың есебіне, Қазақстанда 1916 жылғы 18,5 млн қой мен ешкі болса, кейінгі зұлматқа байланысты оның саны 3 еседен астам төмендеген. Ал күштеп ұжымдастыру кезінде олардың саны 10 еседен астам төмендеген. Кейінгі жылдары мал басы біршама тұрақтанып, 1990 жылы оның саны тағы да өсіріп төмендеген. Егер 1990 жылы Қазақстандағы қой мен ешкі саны 36 млн болса 2000 жылы 10 млн басқа дейін төмендеген. Жағдайдың қаншалықты күрделі сипат алғанын осы деректер айқындап отыр.

Ашығын айтқанда, біз әлі де болса жіберген кемшіліктеріміздің орнын толтыра алмай жатқан жағдайымыз бар. Экономика, әсіресе ауыл шаруашылығында көп нәрсе бір-бірімен тығыз байланысты. Ол негізінен жер реформасын тиімді жүргізуге байланысты. Жерге меншікке пайдалануға берілген жерлердің оның қожайындарының қоршап алуы, жайылымдықтың тарылуы, жем-шөп базасының нашарлауы, су тапшылығы – саланың дамуына кері ықпал ететін түйкіліктер.

Қазақстан билігі қазір еліміздің агроөнеркәсіп кешінің дамуына және бағдарламасын жасады. Ауылдық жерлерде инфрақұрылымды өрістетуге барынша мән берілетін болады. Бізінше бұл саланы да-

мытуға жана көзқарастың қалыптасқанын аңғартады. Ал, мал шаруашылығына қатысты түйіндер бірден шешілмейді. Оларды жылдар бойы күтуге тура келеді.

Салада басшылық қызметте ұзақ жыл істегендіктен талдауға құрылған материалдарға үлкен мән беремін. 1990-2000 жылдары казактың мал басы өте қатты кеміді. Бұл жылдар казак мал шаруашылығының тоқырау кезеңі болды. Осы кезеңде елдегі қой басы төрт есеге кемісе, жылқы 1 млн 200 мыңнан 600 мыңға дейін азайды. Осы тұстары, ең алдымен, елдегі тұрғындардың малдың зауыттары құлдығамға кетті. Сол зауыттардың аясында жасалған казак малының гендік қоры да жойылып кете барды.

Енді әлгі айтқан мал өнімдерінің бағасы туралы айтайын. Айталық, биязы жүнді қойды өсірдік делік, сол биязы жүнді қойдан төрт келі жүн қырылады деп есептесек, жүннің бір келісі бүгінде 100-ак теңге емес пе? Сонда төрт келі жүннің 400 теңгеге ғана саудаланып тұр. Ендеше, бір биязы жүнді қойды бір жыл бойы өсіріп, ол аса етті мал емес болғандықтан одан төрт келі жүннің ғана алып, 400 теңгеге сатқан тиімді ме әлде басқа тіршілікпен айналысқан дұрыс па?

Мен Сізге бұл орайда академик Мәкен Тойшыбековтің пікірін келтірейін. Ол былай дейді. Қазір біздің мемлекетіміз атом энергиясын дамытуға, мұнай-газ саласын өркендетуге, алтын-күмісті өндіруге айрықша мән беріп отыр. Бірақ «қаны қымзыдан, жаны еттен» жаратылған жұрттың мал шаруашылығын өркендетуі, осы салаға мән бермеуі дұрыс емес. Елдегі мал басының санына қатысты мен мынадай бір деректер келтіре кетейін. Мысалы, бізде 1993 жылдары 36 миллион қой бар еді. 2007 жылы бұл көрсеткіш 13 миллионға түсіп қалды. Көрініс де, айналса оны шақты жылда 36 миллион қойдың санын біз 13 миллионға дейін кемітіп жібердік. Осы аралықтарда 61,5 процент мал басын жоғалттық. Нақ осы кездері білесіз, біз жекешелендіру саясатын ұстандық. Елдегі мал басының барлығы жекенің қолына өтті. Бүкіл асыл түлікті мал өндірумен айналысатын ірілі-усаттық орталықтар, зауыттар жабылды. Осыдан барып казак малының саны кеміді. Ол кезде бұған қайырма бір пенде болмады. Керісінше «біз енді Австралиядан асылтұқымды мал әкелеміз, ағылшындардың текті малын өсіретін боламыз» деп кезде кергендерлі де көрдік. Бір сөзбен айтқанда, бізде нақ сол коллективтендіру тұсында әсіре науқанның басым болып кетті. Қазірдің өзінде біздің қанымызда науқанның бар. Бір істі бастарда науқанды, алаулатып-жалаулатып кетеміз.

Тілімі: – Есіңізге болса, Қазақстан Президенті Жолдасбаев әсіресе ауылшаруашылығына еңбек өнімділігінің өте төмен екендігін айтып жүр. Мұның сыры неде деп ойлайсыз?

Н.Ж.: – Жылдар өтті. Жоспарлы жүйеден нарық экономикасына өтер кезде санадағы психологияны өзгерту өте қиынға соққанын білемін. Уақыт өткізіп алдық. Қазір салаға жана технологиялар және өнімділігі өте жоғары әрі тиімді техникалар керек. Бүгінде күрші тұқымнан қырманда тазалап, қалдықты малға жем ретінде дайындайтын озық техникалар пайда болды. Ал мал жемінің бағасы нарықта қымбат. Әлгі айтқан техника бүкіл күршіні тауарлы және тұқымдық сортка жеткізіп, қалдығын бөліп береді. Ол Чехиядан шығады. Егер біз еңбек өнімділігін арттыруды межелесек жетістікке жетуге келерді келтіретін жайттарды еңереміз. Осының барлығы агроөнеркәсіпте деген байыпты көзқарасты талап етеді.

Әңгімелескен Жолдасбек АКСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Корпорация қолдауы

Аймақтағы «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы кейінгі 5 жылда өңірде төрт түлікті түлету үшін бір миллиард теңгеге жуық қаржы бөлген. Атақесім жанданса, ауыл-аймақтың бойына қан жүгірсе, бұдан ұтарымыз көп. Әсіресе, өңірде асылтұқымды қой шаруашылығын дамытуға ынталы шаруаларды көбейтін қуатпай қоймайды.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»



Осындай игілікті істің бір «Сыздық ата» шаруа қожалығында бастау алды. Биыл Фабит Дүйсебаев төрағалық ететін қожалық аталған корпорация арқылы қаржыландырылды. Екі жақты келісімнен соң, көрші Түркістан облысынан 1600 бас қиыршық жүнді казак қойы сатып алған.

«Биыл мамыр айында «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қолдауымен «Сыздық ата» шаруа қожалығы құрылды. Екі жақтық әріптестік аясында қожалыққа тиісті қаржы берілді. 1600 бас қиыршық қылыш жүнді қой және 130 бас мүйізді ірі қара алуға ақша бөлінген. Айта кететін нәрсе, корпорация атақесімді жандандырамын дегеніне әрдайым көмекке дайын. Ол үшін жайылымдық жері, малының үй-қорасы және шаруа қожалығын фазендасы болуы тиісті. Сол талаптар толық болған жағдайда біздің тарап қаражатпен қамтамасыз етеді. Бұл жерде қаржының 51 проценті шаруа қожалығынан, 49 проценті корпорация есебінен, – дейді «Байқоңыр» АҚ жобаларды талдау және іске асыру басқармасының басшысы Жетісбек Ахметов.

Қазір «Сыздық ата» шаруа қожалығында барлығы 2000 бас қой, 95 қожар, сонымен қатар 200 бас сиыр бар.

Облыс орталығында үлкен мал сою пункті бар ет комбинаты ашылады деп жатыр. Соған мал тасымалдана, аймақтағы ет нарығына үлесімізді тигісетек деген мақсатымыз бар. «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп жұмыс істегенің тиімділігі, олар бастаған жобаның аяқтан тұрып кетуіне атсалысады. Енді, міне, осындай шаруашылықты қолға алып отырмыз. Мемлекет мүмкіндік бергенде тек ерінбе керек, – дейді шаруа қожалықтың төрағасы Фабит Дүйсебаев.

Шопан ата түлігін бабын таспаң берекесі аз емес. Әзірге түліктер Жаңақорғанға жерсіндіріліп жатыр. Ветеринар мамандар толықтай тексеріс жүргізген. Көп ұшып оларды шөбі шүйтін Сыр беткейге қарай түсірмек.

Айта кетейік, «Байқоңыр» АҚ өңірде кейінгі бес жылда мал шаруашылығын өрістету бағытында 8 жобаға қолдау көрсеткен.

«Ashuq» жүйесі арқылы анықталған «қызыл» мәртебесі бар оқшаулану режимін бұзғандығы үшін әкімшілік айыппұл салынған азаматтардың тізімі

- 1. Қайназаров Ғалымжан Алекбарович, Қызылорда қаласы.
2. Абдуханова Эльмира, Қызылорда қаласы.
3. Әбдіқалық Орынкул Серікбайқызы, Қызылорда қаласы.
4. Құлтаева Фарида Ганиқызы, Қызылорда қаласы.
5. Шакирова Роза Аяпбергеновна, Қызылорда қаласы.
6. Байжанова Жаңагул Абдіқалыққызы, Қармақшы ауданы.
7. Қошқарбаев Шенебек, Жалағаш ауданы.
8. Елеуова Нұрғұл Тәңірбергелқызы, Жалағаш ауданы.

Advertisement for 'Syr Boyi' newspaper. Includes text: 'Жарнама. Жарнама. Жарнама', '«Сыр бойы», «Қызылорданың вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғының қолы: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Қызылорда облысының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы, облыстық Қоғамдық кеңес және облыстық Ардагерлер кеңесі Қызылорда облысы әкімі аппаратының басшысы Райғаныс Ерлан Тельманұлына әжесі Қалима Абдраманованың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Арал ауданының әкімдігі мен мәслихаты, «Nur Otan» партиясының аудандық филиалы, Арал аудандық және қалалық ардагерлер кеңесі, аудандық қоғамдық кеңесі Арал ауданының әкімі Серік Сермағамбетовке қайып атасы Саржетов Ахас Төлепұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің ұжымы мемлекеттік аудит бөлімінің бас инспекторы-мемлекеттік аудитор Абуов Қайрат Нартайұлына әжесі Нартайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысы әкімдігімен 2021 жылдың бірінші жарты жылдығында табысталған жер учаскелері туралы ақпарат

Table with 8 columns: №, Жер учаскесі табысталған тұлғаның атауы, Қаулы күні мен №, Жер учаскесін беру негізі, Нысананы мақсаты, Алаңы, тектар, Орналасқан жері, Құқық түрі. Жалға алу мерзімі. Contains 20 rows of land allocation data.



РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Ауыл алғыс айтады

Арал ауданындағы қуаныштыққа байланысты төтенше жағдай жарияланғаны мәлім. Мал талғажау етер шоп қалмай, шаруаларға оңай соқпағаны да рас. Қазір аудан көлеміндегі ауылдар «жасыл», «сары», «қызыл» аймақтарға бөлінген. Соның ішінде Жаңақұрылыс ауылы – «жасыл» аймақта. «Күн жаманы кетеді» деп білетін жаңақұрылыстықтар қиындыққа бірлесіп төтеп беруде.



Тұрғындар қысқы мал азығын дайындауда көрші Қазалы ауданының Бекарыстан би, Майдақол ауылдарына, тіпті сонау 360 шақырымдағы Қармақшы ауданының Жаңақол, Иркөл ауылдарына барып, шоп орып, оны тасып алуға. Бұл ретте еріктілердің көмегі ерекше. Ең бастысы, бірлікті ту еткен жандар «Он адам жүрген жерде із, жүз адам жүрген жерде соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деген дана сөздің айғағына айналғандай. Кәсіпкерлер де қыс қамын жасаған ағайынның көңілін бірлеуге атсалысады. Соның ішінде Болат Өтемірұлов қорының көмегіне жұртшылық дан риза. Себебі, қор есебімен Арал ауданындағы 800 аз қамтылған отбасы 900 тонна құрама жем алды. Есеп бойынша бұл жем-шөп 2021 жылғы қарашадан 2022 жылғы мамырға дейінгі кезеңге жетеді. Бүгінгі күні 138 үйге 9 қаптан жем таратылды. Мұнан бөлек, жақында Жамбыл облысынан да көмек жетті. Мұқтаж отбасылардың әрқайсысының үйіне 100 дана пресс түссе, 138 үйге 4 престен таратылды. Бұл көмекті тасымалдаудың өз қиындығы бар. Оны «Қам-баш» станциясынан түсіріп, Ақлақ арқылы 150 шақырым жол жүріп, Жаңақұрылысқа жеткізуді үйлестіру жұмыстарын талап етеді. Мұнда ауыл әкімі Биғали Әбдіраймовтың үлесі зор еді. Бірлескен істе берекелі бар деп бекер айтылмаған. Әлсіздің үніне, шарасыздың шыршылына құлақ тосып, табан астында көмек көрсету – азамат ісі. Жақсылық жасау үшін асып-тасудың қажетті шамалы, ең бастысы, мейірімді жүрек пен таза ниеттің жеткілікті екенін дәлелдеген осы азаматтарға ауыл тұрғындарының алғысы болса керек.

Сердалы ШАЛБАЕВ,
Жаңақұрылыс ауылдық
ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Арал ауданы

ТАНЫМ

Тарихта тақыр кедейліктен мол дәулетке қол жеткізген табысты жандарға қатысты түрлі оқиғалар кездеседі. Көбіне оқып тамсанп жататынымыз әлемді мойындатқан шетел байықештері. Ал, біздің төл тарихымызда мұндай адамдар бар ма? Әрине, бар. Бар болса неге біле бермейміз? Өйткені, өз асылдарымызды аршып зерттеуге жалқауымыз. Біздің түрлі дерек көздерінен түртін алған бүгінгі мақаламыз осы олқылықтың орнын аз да болса толтыра алса, нұр үстіне нұр.

Сb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

ЖАЛШЫДАН ШЫҚҚАН ЖОМАРТ

Өз ауылдастарының ғана емес, қалың қыр қазағының тіршілік мұқтажын өтеген қажырлы қайраткер Бидахмет Бобкиннің есімі ХХ ғасыр басындағы ұлттық буржуазияның шоғырлы, әлеуетті тобының қатарында тұратыны сөзсіз. Зайсан өңірі – қазақ даласының бір қиырында жатқан шалғай өлке әрі алпауыт Қытай елімен шекаралас аймақ. Бидахмет Бобкин 1867 жылы осы өлкеде өмірге келген.

Қаракесектің тұқымы Құнанбай әулетімен нық теңестірген ірі бай ретінде тарих бетінде қалған Бидахмет Бобкиннің тарихшы, әдебиетшілер ортасы білсе де, қалың бұқараның біле бермейтіні шын.

Оның арғы аталарынан бері үзілмеген құтты дәулеті болмаған. Өз әке-шешесі де орташа тұрмысты жандар болып өмір кешкен. Ата-анасынан жастай айырылған Бидахмет Бәтима деген қарындасы екеуі өз күндерін өздері көреді. Байлардың жалшылығында жүріп, ауыр жұмыстарға жегілген. Тұмысынан алғыр, зейінді пысық болып өскен бала Бидахмет қожайынның айтқан сөздерін екі етпей, адал орындап, көзге түседі, сеніміне ие болады. Қызметіне риза болған қожайыны жүре келе оған түрлі жұмыстарды сеніп тапсырады. Ісіне адал ол аз уақытта өз қалтасына біраз қаржы қорын жинап бастайды. Бай, дәулетті кісінің есігінде күн кешкен жалшы жігіт пысықтығы мен зеректігі арқасында іскер жігітке айналады. Аз уақыт ішінде өз сауда үйі мен дүкенін ашып алады. Ісіне адал қарап, сауда жолында арамдыққа бой алдырмауды парыз санайды. Сол себепті айналасына да жақсы пікір қалыптастырады. «Аққа құдай жақ» деп, бойын менменшілдік пен тәкаппарлықтан таза ұстайды.

Оның бойындағы осындай ізгі қасиеттерін білетін бай-бағландар айрықша бағалап, ерекше құрметтеген. Кәсібіне демеушілік жасап, көмек қолын созған. Сөйтіп, бағыз жалшы бала он-он бес жыл бедерінде бағалы аң терісін өңдейтін сауда иесі болып шығады. Бұл саладағы

алғашқы өндіріс ошағын ашқан да Бидахмет болса керек.

Сауда көрігі қызған Бобкин тек Зайсан өңірінде ғана емес, жыл сайын өтетін Ресей аймағындағы Нижегород жәрмеңкесіне қатысып отырады. Ресейлік көпес Морозовпен тығыз іскерлік байланыс орнатады. Кәсіпкер Морозовтар Бобкиннен бағалы аң терісін сатып алатын. Ал, Бидахмет олардан ел тұрмысына қажетті тауарларды алып, ауыл-аймақтағы жоқ-жітіктің мұқажына жаратқан. Тауарға қаржысы жетпеген жағдайда көпес Морозов оған сұраған затын еш кепілдіксіз қарызға беретін болған. Бұл – адал сенімнің күші. Бидахметтің адалдығына, іскерлігіне сенетін Морозовтар әулетінің осы әрекеті «саудада достық жоқ» деген таптарын жандар болып өмір кешкен. Ата-анасынан жастай айырылған Бидахмет Бәтима деген қарындасы екеуі өз күндерін өздері көреді. Байлардың жалшылығында жүріп, ауыр жұмыстарға жегілген. Тұмысынан алғыр, зейінді пысық болып өскен бала Бидахмет қожайынның айтқан сөздерін екі етпей, адал орындап, көзге түседі, сеніміне ие болады. Қызметіне риза болған қожайыны жүре келе оған түрлі жұмыстарды сеніп тапсырады. Ісіне адал ол аз уақытта өз қалтасына біраз қаржы қорын жинап бастайды. Бай, дәулетті кісінің есігінде күн кешкен жалшы жігіт пысықтығы мен зеректігі арқасында іскер жігітке айналады. Аз уақыт ішінде өз сауда үйі мен дүкенін ашып алады. Ісіне адал қарап, сауда жолында арамдыққа бой алдырмауды парыз санайды. Сол себепті айналасына да жақсы пікір қалыптастырады. «Аққа құдай жақ» деп, бойын менменшілдік пен тәкаппарлықтан таза ұстайды.

Бидахметтің Зайсандағы сауда үйі мен дүкенінде қыр қазақтары жұмыс істеген. Тек адал, сенімді, ұрлықтан, сұғанактықтан таза жігіттерді жұмысқа алған. Оларға кәсіп, сауда жасаудың қыр-сырын үйреткен. Жіені Х.А.Бекмаханованың жазуынша, Әділхан, Жиенгелді, Файзрахман, Шаяхмет, Темеш сияқ-



ты адал туыстары ұрлық қылмай, Бобкинге шын, таза ниеттерімен қызмет етеді. Бобкин болса, олардың еңбектерін бағалап, ақыларын жоғары көтеріп, сыйақымен марапаттап отырған. Міне, осы қамқорлықтың арқасында олар да өз уақыттарында ауқатты өмір сүреді. Сол кездегі дәулетті адамдар қатарында болады.

Бидахмет Бобкин ағамыз тұр-өңі келісті, сымбатты, сұңғақ бойлы жан болған екен. Қызы Айшадан туған жиені Халима Адамқызының жазуынша, дөңгелек жүзді, пығыс адамдарына тән келбеті, өңді нағашы атасы бір қараған адамға шығармашылық өкілін еске түсіреді екен. Себебі ол кісі, суропаша киінсе де басынан мұсылманның бас киімін тастамаған.

Осындай жақсылықтың жаршысы, мейірімді Бобкин еш жерде оқымаған, сауат аспаған. Десе де, жасынан сауда жілігінің майын сорған жігіт орысша тіл сындырып, өз бетінше хат таныған. Саудаға қажетті ең қарапайым арифметикалық амалдарды меңгерген. Өзінің білім ала алмағанына өкініп, балаларына ел сауатты болуына көп көңіл бөлген. Оқуға қыр қазақтары мен кейбір балаларының білім алуына атсалысып, қаражат құйып отырған. Ел ішінде, орталықтан шығатын ақпарат құралдарын қолдап, қаржы аударған. Сөзіміздің дәлелі ретінде «Айқап» журналының 1912 жылғы

№14 санындағы «Зайсан қазақтары мектеп салуға қаржы жинау шараларын ұйымдастырды. Дәулетті көсіп егесі Бидахмет Бобкин бұл шараға 500 сом бөлді» деген сөздерді келтірсек те жеткілікті.

Білімге деген ынтызарлық Бидахмет байдан бойынан еш өшпеген. Семей өңірі бойынша алғашқы ұстаздардың бірі, өз заманының белгілі жазушысы Тайыр Жомартбаевты аттай қалап, Зайсан қаласына алдыруы – оның осы білімқұмар ісінің бірі.

Халық басына, Алаштың зиялы қауымына келген зұлмат Б.Бобкинді де айналдырды. 1937 жылы Қыыр Шығыстағы Ворошиловград қаласына этаппен айдалып бара жатқан жолда қайтыс болады. Бұл дерек жиені Х.Адамқызының аузынан алынған. «Мен қайтыс болған соң, кейлерге садақа беруді ұмытпап» деп ол нағашы атасының өсиет қалдырғанын да айтыпты.

Міне, бір сәт тарих қойнауына сүңгісек, талай арыстарымыздың халқы үшін жасаған игі істері құмнан аршылған алтындай алдымыздан жарқырап көрінеді.

Бидахмет ағамыздың өмір тарихын оқи отырып алған гирбатымыз, осы заманның дәулеттілері жиган байлықты күш таластыруға емес, жақсылықты жарастыруға жұмсаса, келешек ұрпақтың жалдында жаңғырып, аты аңыз болып қалар еді.



ФУТБОЛ

«Қайсар» ширек финалда

Қызылорданың «Қайсары» футболдан Қазақстан кубогының ширек финалына жолдана алды. Бұл мүмкіндікке өз алаңында Оралдың «Ақжайық» командасын жеңгеннен кейін қол жеткізді.



Биыл кубок ойындары өзгеше форматта өткізілді. Премьер-лигада сығна түсіп жүрген он төрт клуб пен бірінші лиганың іріктеу кезеңінен ірікпей өткен екі команда төрт топқа бөлінді. «Қайсар» С тобында «Астана», «Ақжайық» және «Ақтобемен» ширек финалға берілетін екі жолдаманы сараласа салды.

Жерлестеріміз ел біріншілігінде сәтсіз ойын көрсетіп келгені жасырын емес. Ал, кубок ойындарында жанкүйерлер олардың жинақы қимылы мен өзгеше ойын өрнегіне куә болды. Алты ойынның үшеуінде жеңіске жетсе, екеуінде тең түсіп, біреуінде қарсыласына есе жіберді. Осылайша өз тобында 10 ұпаймен екінші орынға көтерілді. Көш басында – елордалық «Астана», оларды да еншісінде 10 ұпай бар.

Алтыншы турдағы «Ақжайықпен» кездесуге дейін аталған топта жарысты жалғастыруға үш команданың мүмкіндігі болды. «Қайсар» ширек финалға шығуы үшін міндетті түрде оралдық қарсыласын жеңуі тиіс еді. Ойынның алғашқы минуттарынан қызылордалық футболшылар қарсыластар қақпасы маңынан табылып, есеп ашатын бірнеше мүмкіндікті жіберіп алды.

Ойынның 25-минутында қызылордалық Арман Кеңесов алаңның орталық бөлігінде бірнеше қарсыласын алдан өтіп, алыстан шірене тепкен добы «Ақжайық» қақпасында тулап жатты. Бұдан кейін оралдық футболшылар таразы басын негізгі қақпасына екініші голды соқтырып алды. Оны 38-минутта Елжас Алтынбеков еншісіне жазды. Жолдаманың қолдан суып бара жатқанын ұққан «Ақжайық» ойыншылары екінші кезек басталғаннан толассыз шабуылдар ұйымдастырды. Қызылордалық қорғаушылар лайықты тойтарыс берді. Кейбір сәтте «Қайсардың» қақпасына Марсель Исламқұловтың шеберлігі көзге түсті.

Ойынның бітуіне санаулы уақыт қалғанда тепкен доп өздерінің айып алаңында «Ақжайық» қорғаушысының қолына тиді. Төреші ойлабастан пенальти белгілеп, оны қызылордалық клубтың жартылай қорғаушысы Кларенс Битанг шебер орындады.

Осылайша кездесуде «Қайсар» қарсыласын 3:0 есебімен тізе бүктіріп, ширек финалға берілетін жолдаманы иеленді. Енді жерлестеріміз жарыстың аталған сатысында Алматының «Қайрат» командасымен шеберлік байқасады. Ширек финалдың алғашқы ойыны 21, 22 тамыз күндеріне белгіленсе, қарымта кездесу 22 қыркүйекте өтеді.

«СБ» ақпарат



Ауғанстанда соғыс аяқталғаны жариялады

Талибан Ауғанстандағы 20 жылға созылған соғыстың аяқталғаны туралы хабарлады.

Тәліптер Ауғанстан халқы мен шетелдік дипломаттарға қауіпсіздікті қамтамасыз етеміз деп уәде беріп отыр. «Біз елімізде 20 жыл бұрын басталған осы соғысқа нүкте қойдық. Елде биіктің қандай түрі болатыны белгісіз, бірақ ол жақын арада жарияланады» деді тәліптердің ресми өкілі Мұхаммед Наим.

Сонымен қатар олар барлық ауған қайраткерлеріне қорған болуға кепілдік берді, тәліптер олармен келіссөзге шығуға дайын.

Түркиядағы су тасқыны

Түркияның Қара теңіз жағалауындағы су тасқыны салдарынан 64 адам қаза тапты деп жазды Анадолия агенттігі.

Түркия үкіметі жанындағы Төтенше жағдайлардың алдын алу және басқару басқармасының (AFAD) мәліметінше, Кастамону провинциясында 54, Синоп провинциясында 9, тағы бір адам Бартин провинциясында көз жұмды.

Қазіргі уақытта емдеу курсына табиғи апаттан зардап шеккен 8 адам жалғастырылуда. Су тасқынына Түркияның солтүстігінде 11 тамызда толассыз жауған жаңбырдан сел, көшкін себеп болды. Мемлекет басшысы Режеп Тайып Ердоған су тасқынынан зардап шеккен аудандарды табиғи апат аймағы деп жариялады.

Eurasian Bank

КРЕДИТ РЕСИМДЕП
ЕЛОРДАДАН ПӘТЕР ҰТЫП АЛЫҢЫЗ!

ОФОРМИТЕ КРЕДИТ
ВЫИГРАЙТЕ КВАРТИРУ В СТОЛИЦЕ!

Beeline +7 771 000 7722
Tele2 / Altel +7 700 000 7722
Kcell / Activ +7 702 000 7722

euBank.kz

Акция кезеңі: 2021 жылғы 15 наурыстан бастап 15 қыркүйекке дейін
Период акции: с 15 июня по 15 сентября 2021 года

КР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген 2020 жылғы 3 ақпандағы №1.2.68/242/40 лицензиясы
Лицензия №1.2.68/242/40 от 3 февраля 2020 года, выданная Агентством РК по регулированию и развитию финансового рынка